

8D01504-Биология БББ бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Жошибекова Багила Съезбаевнаның «Генетика курсының оқыту барысында білім алушылардың зерттеу дағдыларын қалыптастыру» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысына отандық ғылыми кеңесшісінің

ПІКІР

Сапалы білім ол жарқын болашақтың кепілі. Қазіргі білім беру жүйесі жылдам өзгерістер мен инновацияларға толы. Білім берудегі жаңашылдық студенттердің қажеттіліктеріне, заман талабына сәйкес білім алудың жаңа әдістері мен тәсілдерін енгізуді талап етеді. Б.С. Жошибекованың «Генетика курсының оқыту барысында білім алушылардың зерттеу дағдыларын қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы қазіргі білім беру жүйесінде өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Бұл жұмыс ғылыми зерттеулер мен практикалық тәжірибені үйлестіре отырып, білім алушылардың зерттеу дағдыларын дамытуға бағытталған тиімді әдістемелерді ұсынады. Қазіргі заманда генетикалық білім беру жастарды ғылыми негізде тәрбиелеу, инновацияларға жол ашу және денсаулық сақтау саласында прогреске қол жеткізу үшін аса маңызды.

Б.С. Жошибекова «Генетика курсының оқыту барысында білім алушылардың зерттеу дағдыларын қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы нәтижесінде білім беру саласында бірнеше маңызды еңбектерді жариялап, ғылыми қызметін жоғары деңгейде жүзеге асырды. Оның еңбектері білім беру әдістемесі мен инновацияларын, сондай-ақ генетика мен молекулярлық биология саласындағы зерттеулерді қамтиды.

Ғылыми жарияланымдар: Зерттеу жұмысының мазмұны бойынша жарияланымдардың жалпы саны – 21; Scopus және Web of Science базасына енетін ғылыми басылымда - 3; ҚР білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен басылымдардағы жарияланымдар - 5; Ресейлік ғылыми сілтеме индексі бар басылымдардағы жарияланымдар (РИНЦ) - 2; Халықаралық ғылыми - практикалық конференциялар материалдарында - 7 (оның ішінде шетелдік конференцияда - 3), мақалаларын жариялап, зерттеу нәтижелерін халықаралық ғылыми қауымдастыққа ұсынды. Сондай-ақ, 1 - оқу құралы, 1 - электронды оқу құралы, 1- элективті курс, 1- педагогикалық әдіс ұсынды.

Сондай-ақ, Б.С. Жошибекованың ғылыми мақаласы Q1 квинтильде *Biosensors* журналында жарияланды. *Biosensors* журналы ғылым мен технологиядағы жоғары деңгейлі халықаралық басылымдардың бірі. Q1 квинтильде болу, мақаланың ғылыми қауымдастықта жоғары бағаланғанын білдіреді.

Оқу құралдары: Диссертациялық ғылыми –зерттеу жұмыстарының нәтижелерін білім беру үдерісіне қолдану мақсатында «Генетика есептері шешуімен» атты ағылшын тілінде «Genetic exercises,with keys» оқу құралы құрастырылып оқу үдерісіне ендірілді. «Микроорганизмдер генетикасы»

атты электронды оқу құралына авторлық куәлік алынып, оқу үдерісіне ендірілді. «Генетика» жалпы білім алушыларға арналған элективті курсы құрастырылып, авторлық куәлік алынып, оқу үдерісіне ендірілді. Бұл материалдар білім алушылардың білім алуын жеңілдетіп, оқу процесін байытады.

Жаңа педагогикалық әдістер: Б.С. Жошибекова «Генетикалық процесстерді ДНК штамптарымен моделдеу» әдісін құрастырып, авторлық куәлік алды. Бұл әдіс білім алушылардың зерттеу дағдыларын, ғылыми ойлау қабілетін дамытуда маңызды рөл атқарады.

Конференциялар мен семинарларға қатысу: Б.С. Жошибекова ғылыми конференциялар мен семинарларда баяндамалар жасап, білім беру саласындағы өзекті мәселелер мен жаңашылдықтар туралы пікір алмасты.

Б.С. Жошибекова ғылым мен білім саласында көп ізденіп, шығармашылықпен жұмыс істей отырып, генетиканы педагогикамен байланыстырып, жаңа термин ұсынды. Оның *SPTC Science Pedagogical Technology Content* терминдері білім беру процесін жаңаша тұрғыдан қарастыруға мүмкіндік береді. Бұл оқытудың сапасын арттыруға және білім алушылардың зерттеу дағдыларын дамытуға септігін тигізеді.

Болашақта Б.С. Жошибекованың ғылыми жетістіктері оның ғылыми қауымдастықта танылуына көмектесіп, болашақта жаңа жобалар мен идеяларды жүзеге асыруда маңызды рөл атқарады. Оның ұсыныстары мен терминдері білім беру жүйесінің тиімділігін арттыруға және студенттердің жан-жақты дамуына ықпал етеді. Бұл маман ретінде оның бәсекеге қабілеттілігін нығайтады. Сондай-ақ, Б.С. Жошибекова жаңа білім мен дағдыларды меңгеруге, заманауи педагогикалық әдістемелерді енгізуге дайын, бұл оны болашақта нағыз сарапшы етеді. Оның зерттеу жұмысы мен білім беру әдістері алдағы уақытта да білім беру жүйесіне оң әсерін тигізетініне сенімдімін.

Қорыта айтқанда, Жошибекова Багила Съезбаевнаның «Генетика курсының оқыту барысында білім алушылардың зерттеу дағдыларын қалыптастыру» тақырыбында жазылған 8D01504-Биология БББ бойынша диссертациялық жұмысы ғылыми дәреже беру ережелерінің талаптарына сай жазылған, аяқталған ғылыми кәсіби жұмыс болып табылады. Жошибекова Багила Съезбаевнаның 8D01504-Биология БББ бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін қорғауға ұсынамын.

**Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,
Жаратылыстану институты,
Биология кафедрасының
Б.ғ.к., қауым.профессор м.а.**



А.А. Сартаева

Қолы _____
Подпись _____
Растаймын: «Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті» КеАҚ HR қызметі
Заверено: НАО «Каззахский национальный женский педагогический университет» HR служба